



010000, Нұр-Сұлтан к., Бейбітшілік к-сі, 11 үй
тел.: 55-66-31, 55-66-35, факс: 55-72-94

18.08.2020 № 4 ге

010000, г. Нур-Султан, ул. Бейбитшилик, 11
тел.: 55-66-31, 55-66-35 факс: 55-72-94

**Тұрақты комиссияның
2020 жылғы 18 тамыздағы
қаулысы**

**Нұр-Сұлтан қаласында мектепке
дайінгі білім беру мен тәрбиелеуді
қамтамасыз ету туралы**

Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының әлеуметтік-мәдени дамыту мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясы (бұдан әрі – Тұрақты комиссия) «Нұр-Сұлтан қаласында мектепке дайінгі білім беру мен тәрбиелеуді қамтамасыз ету туралы» ақпаратты тыңдалап әрі талқылағаннан кейін, бұл бағытта жұмыстар жүргізіліп жатқандығын атап өтті.

Елордада әртүрлі типтегі 399 мектепке дайінгі үйым жұмыс істейді, соның ішінде: 94 мемлекеттік және 259 жекеменшік мектепке дайінгі үйымдар (оның ішінде 247-де мемлекеттік білім беру тапсырысы орналастырылған), шағын орталықтар – 43, ведомстволық – 3. Мектеп жасына дайінгі балаларды қамтудың жалпы саны 55 708 құрайды, оның ішінде жеке балабақшаларда 21 508. 2017 жылы мектепке дайінгі білім беру үйымдарының желісі 261 құрады, балаларды қамтудың жалпы саны 76,6% (46 707), 2018 жылы – 76,4% (48 154), ал 2019 жылы – 377, қамтылу 83,7% (49 624), 2020 жылы – 399, қамтылған балалар саны 55 708, яғни 98,4%. Осылайша, 2017 жылдан бастап желі 119 балабақшаға көбейді.

Бала туудың жоғары деңгейіне, 2017 – 2020 жылдардағы қарқынды ішкі көші-қон процестеріне байланысты, яғни өсіп келе жатқан балаларды ескере отырып, өсу динамикасы 4,5 еседен баланы құрады немесе 2017 жылы 31,0 мың балаға және 2020 жылы 145,7 мың балаға жетті. Осыған байланысты елордадағы мектепке дайінгі үйымдарда орындар жетіспейді. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды тәрбиелеу және оқыту үшін жағдай жасаған мектепке дайінгі үйымдардың үлесі жоспар бойынша 30%, ал нақтылы 32,9% құрайды (аталған мектепке дайінгі үйымдардың штат кестесіне келесі мамандар енгізілген: педагог-дефектологтар, педагог-логопедтер, тифло-педагогтар, педагог-психологтар, сурдопедагогтар, олигофreno-педагогтар). Сонымен қатар, мектепке дайінгі үйымдар ерекше білім беру қажеттіліктері бар

000096

балаларды түзетуді қолдау үшін арнайы құралдармен және жабдықтармен жабдықталған.

Елордада 2 арнайы балабақша бар, 26-да әр түрлі мүмкіндігі шектеулі балаларға арналған арнайы топтар бар. Олардың 45-і түзету тобы бар.

45 мектепке дейінгі үйымда инклузивті білім беру топтары жұмыс істейді, олардың саны 300-ден асады. 13 балабақшада және 6 шағын оргалықтарда түзету жұмыстарын жүргізу үшін 275 баланы қамтитын психологиялық-педагогикалық түзету кабинеттері, 10 балабақшада 72 балаға арналған логопедиялық оргалықтары жұмыс істейді.

Мектепке дейінгі балалар үйымдарында 5 817 педагог, оның ішінде 3 562 адам мемлекеттік мекемелерде жұмыс істейді.

Елордадағы білім беруді жаңғыру торталығы мектепке дейінгі үйымдардың жетістіктерін арттыру үшін жұмыс жасайды. Осылайша, қаланың мектепке дейінгі үйымдары 10 бағыт бойынша 16 кластерге біріктірілген: адамгершілік және патриоттық тәрбие; менеджмент; саламатты өмір салты; зияткерлік даму; көптілді білім беру; инклузивті білім беру; көркем және эстетикалық тәрбие; GREEN PEACE; Монтессори жүйесі; Арт – педагогика.

Кластерлердің жұмысы аясында тақырыпты дамытудың арнайы ортасы құрылды: робототехника кабинеттері үйымдастырылды, сенсорлық болмелер, Монтессори және арт-терапия кабинеттері жабдықталды, тұз шахталары жасалды. Елордадағы көптеген мектепке дейінгі үйымдарда инновациялық іс-шаралар жүзеге асырылады: тәжірибелік алаңдар ашылды, оның нәтижесі авторлық құқық жөніндегі әдістемелік құралдарды, бағдарламалар мен дидактикалық материалдарды әзірлеу болды.

2020 жылы Назарбаев Университеті Қазақстан Республикасында инклузивті білім беруді зерттеу бойынша халықаралық жобаны №22 «Әлем» бөбекжай-балабақшасы базасында іске қости. Жоба аясында инклузивті білім беру бойынша консультативтік кеңес құрылды.

№ 34 «Ақбидай», № 89 «Қызы Жібек» екі мектепке дейінгі үйымдарының базасында «Әр бала мектепке лайық» пилоттық жобасы енгізілді. Бұл жобаның мақсаты – инклузивті білім берудің жалпы даму топтарындағы аутизм спектрі бар балаларды әлеуметтендіру. Бүгінгі таңда «Болашақ» корпоративтік қоры мен жоғарыда аталған мектепке дейінгі үйымдар арасында меморандумға қол қойылды.

Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға кешенді коррекциялық көмек көрсету үшін «Құн шуақты әлем» және «Co-make» 2 қоғамдық қорында 155 орындық психологиялық-педагогикалық түзету кабинеттерінде қосымша мемлекеттік білім беру тапсырысы орналастырылды.

Қалалық мәслихаттың депутаттары қалада сапалы мектепке дейінгі тәрбие мен оқытууды қамтамасыз ету жұмысындағы кемшіліктерді де атап өтті.

Қазіргі уақытта елорда балаларды мектепке дейінгі тәрбиемен жұз процент қамтууды қамтамасыз етпейді, балабақшаларда орындар жетіспейді. Бұл мәселені шешу үшін жаңа мектепке дейінгі үйымдарды құру, соның ішінде мемлекеттік-жекешелік серіктестік тетігін дамыту аясында қажет.

Мектепке дейінгі ұйымдарда дефектологтардың, логопедтердің және психологтардың тапшылығы өзекті проблема болып тұр.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың сапалы қызметтері көп жағдайда тәрбиешінің беделіне және мәртебесіне байланысты. Бұл ретте тәрбиешінің айлық жалақысы төмен, бұл арнағы мектепке дейінгі білімі бар педагогтардың тапшылығына әсер етеді.

Елордада мектепке дейінгі және мектептегі тамақтандыру комбинаты жоқ, балалардың тамақтануы мәселелері әлі шешілмеген. Мұндай комбинатты салу қажеттілігі туралы мәселені қалалық мәслихат депутаттары бірнеше рет көтерген. Комбинаттың қатысуымен балалар тамағын ұйымдастырудың маңызды мәселелерінің бірі, яғни тамақ дайындауды бақылау мәселесі шешіледі. Тамақ дайындау үшін пайдаланылатын өнімдерге санитариялық және медициналық бақылау әрдайым жүйелі тұрдс жүргізілп отырылуы керек.

Отырыс барысында қалалық мәслихаттың депутаттары осы мәселелерді көтерді және мектепке дейінгі білім беруді қамтамасыз ету, яғни білім беру саласының басқа қажеттіліктері үшін бұрын бөлінген 528 млн. теңге сомасында қайта бөлуге қатысты келіспеушіліктерін білдірді. Бүгінгі таңда елордада жекеменшік мектепке дейінгі ұйымдардың саны (мемлекеттік білім беру тапсырысымен) мемлекеттік ұйымдардың санынан үш ессе асады. Мемлекеттік және жеке меншік мектепке дейінгі ұйымдар жас балалардың әлеуметтік дағдыларын қалыптастырады және бұкіл білім беру жүйесінің негізін құрайды. Сапалы білім алуға жағдай жасау проблемаларын шешу барлық мемлекеттік органдар мен мудделі ұйымдардың күш-жігерін біріктіруді талап етеді. Осыған байланысты, қалалық мәслихат депутаттарының айтуыша, мемлекеттік тапсырысты қаржыландыруға бөлінетін ақша қаражатын қайта бөлуге, қысқартуға жол берілмеуі керек және жалпылай алғанда мектепке дейінгі және мектепке дейінгі білім беруге бөлінетін ақша қаражатына қатысты қаржылық өзгерістерге (ауыстыруларға) жол берілмеуі керек.

Жоғарыда баяндалғаның негізінде, Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының әлеуметтік-мәдени дамыту мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясы

ҚАУЛЫ ЕТТІ:

1. «Нұр-Сұлтан қаласында мектепке дейінгі білім беру мен тәрбиелеуді қамтамасыз ету туралы» ақпарат назарға алынсын.

2. Нұр-Сұлтан қаласының әкімдігіне:

Нұр-Сұлтан қаласының бюджетін 2020 жылға төртінші нақтылау кезінде «Нұр-Сұлтан қаласының Білім басқармасы» ММ 036 «Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында мемлекеттік білім беру тапсырысын іске асыру» бағдарламасы бойынша қаржыландыру мүмкіндігін қарастыру;

ішкі көші-қон мен демографиялық процестерді ескере отырып, мектепке дейінгі ұйымдар желісін ұлғайту бойынша шаралар қабылдау;

мектепке дейінгі ұйымдардың құрылышы мен кеңеюінде мемлекеттік-жекешелік серіктестік тетіктерін белсенді түрде дамыту және қолдану;

мектепке дейінгі ұйымдардың құрылышы үшін жобалық-сметалық құжаттаманың (ЖСК) өзірленуін олардың санитариялық-эпидемиологиялық талаптар мен мемлекеттік стандарттарға сәйкестігін (күндізгі жарық, төбенің биіктігі, ая айналымы және т.б.) ескере отырып, бақылауды күшету;

№ 29 және № 36 көшелер алаңында жаңадан салынған 360 орындық балабақшадағы техникалық үй-жайлардың балалардың болуы үшін ыңғайлы бөлмелерге қайта ауыстыру жұмыстарының санитариялық-эпидемиологиялық талаптар мен мемлекеттік стандарттарға сәйкестігін бақылауды қамтамасыз ету;

мектепке дейінгі және мектеп ұйымдарының құрылышында, оның ішінде мемлекеттік-жекешелік серікtestіk жобаларын іске асыруда сәулег-қала құрылышы бақылауын күшету;

мектепке дейінгі және мектептегі тамақтануды ұйымдастыру үшін тамак комбинатын салу мәселесін пысықтау ұсынылсын.

3. «Нұр-Сұлтан қаласының Білім басқармасы» ММ:

2020 жылғы 15 шілдедегі № 5 хаттаманың 2-тармағының негізінде жан басына шаққандағы қаржыландыру және карантин кезеңінде мемлекеттік білім беру тапсырыстарын орналастыру бойынша нормативтік құқықтық мәселелерді Білім министрлігімен пысықтау;

қалалық мәслихат депутаттарының, «Нұр-Сұлтан қаласының экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасы» ММ, мектепке дейінгі ұйымдар қауымдастырының өкілдерінің және т.б. қатысуымен мектепке дейінгі ұйымдарды қаржыландыруға және осы мәселені шешудің бірыңғай тәсілін жасауға қатысты жиналыс ұйымдастыру;

мектепке дейінгі ұйымдардың педагог кадрлары құрамының сапасын жақсарту және педагог кәсібінің беделін арттыру бойынша шаралар қабылдау;

бюджеттік және бюджеттен тыс қаражат есебінен біліктілікті арттыру жұмыстарын жалғастыру;

мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды дамытуды басқару мен бақылауды жетілдіру бойынша шаралар қабылдау;

қалалық мәслихатқа елордадағы ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың саны мен қамтылуы, психологиялық-педагогикалық түзету кабинеттерінің тапшылығы туралы ақпаратты 2020 жылдың 28 тамызына дейін беру ұсынылсын.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының әлеуметтік-мәдени дамыту мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясына жүктелсін.

**Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының
әлеуметтік-мәдени дамыту мәселелері
жөніндегі тұрақты комиссиясының
торағасы**

М. Шайдаров

М. Шайдаров